

Тәуелсіздік – тәңірден келген тәтті сый

Еркіндігім келіпті сағындырып,
Шүкір деймін атуда таңым күліп,
Тәуелсіздік келгенде қолын былғап,
Қалып еді қазағым жаның кіріп.

Өте биік бүгінде байрақтарын,
Жүрегіме бірақ та қайғы аң қалдым,
Желтоқсанда қан кешіп ем өлім үшін
Ләззат пенен жан берді Қайраттарым.

Тұңғыққа ойласам камаламын,
Әділдігі жалғыз Алла Тағаланың,
Біздер үшін жан беріп қаның төгіп,
Бұл күнді аңсап өткен бабаларым.

Бұл бірақ та біздер үшін келмес бекіп,
Қай елменен иық тіреп теңеспедік
Алматының қан басқан орталығын
Қайғыменен ойлаймын елестетіп.

Елжірейді жүрегім еріп бүгін
Бұны оңай қазаққа беріпті кім?!
Қанмен келген тілеймін қадір тұтып
Тәуелсіздік атаның берістігін.



Әсел ҚОЖАҒУЛОВА,
Ы.Алтынсарин атын-
дағы Арқалық педаго-
гикалық институтының
Қазақ тілі мен әдебиеті
мамандығының
3 курс студенті